



Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи ресурстар
министрлігі
«Қазгидромет» Республикалық
Мемлекеттік кәсіпорны

КІРІСПЕ

Өңірлік климатты зерттеу және оның өзгеруінің тұрақты мониторингі. «Қазгидромет» РМК Қазақстанның ұлттық гидрометеорологиялық қызметінің басым міндеттерінің бірі болып табылады. «Қазгидромет» РМК Қазақстан аумағы бойынша ауаның орташа айлық температурасының және атмосфералық жауын-шашынның айлық мөлшерінің ауытқуларын бағалау келтірілген ай сайынғы бюллетеньдерді шығаруды жүзеге асырады.

Бюллетеньді дайындау үшін «Қазгидромет» РМК метеорологиялық мониторинг желісіндегі бақылау деректері: 1941 жылдан бергі кезеңде ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашынның айлық жиынтығының қатары пайдаланылады.

Жер бетіндегі ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашынның айлық жиынтықтарының аномалиялары нормаға қатысты – ағымдағы климаттың аномалиясы дәрежесін мониторингілеу үшін базалық ретінде Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым ұсынған 1991-2020 жыл кезеңіне есептелген орташа көпжылдық мәндерге қатысты анықталды. Ауа температурасының ауытқулары байқалған мәннің нормадан ауытқуы ретінде есептеледі. Жауын-шашын мөлшерінің ауытқулары норманың пайызында, яғни түскен жауын-шашын мөлшерінің норманың тиісті мәніне пайыздық қатынасы ретінде ұсынылады.

Климаттық экстремумдарды сипаттау үшін карталар келтіріледі, онда әрбір станция үшін 1941жылдан бастап ағымдағы жылға дейінгі кезеңде қаралатын айнымалы уақыт қатарындағы ағымдағы мәннен аспаудың эмпирикалық ықтималдығының ауқымы көрсетіледі (аспаудың эмпирикалық ықтималдығы – бұл ағымдағы мәннен кіші немесе оған тең уақытша қатар мәндерінің үлесі). Егер айнымалының ағымдағы мәнінен аспау ықтималдығы шекті диапазондарға түссе (0-5% немесе 95-100%), онда бұл мән 1941 жылдан бастап 5% жағдайдан көп емес болған. Егер ауа температурасының ағымдағы мәнінен аспау ықтималдығы 0-5% диапазонда болса, бұл осы жерде байқалған өте төмен температураны көрсетеді, егер 95-100% диапазонда болса, онда, керісінше, өте жоғары температура. Егер жауын – шашын мөлшерін қарастыратын болсақ, онда бірінші жағдайда бұл олардың өте аз мөлшерін, екіншісінде-жауын-шашынның тым көп мөлшерін көрсетеді.

*Шығарылымға жауапты: Г. Ақтаева, F3O K3B жетекші ғылыми
қызметкері*


Н. Абдолла, F3O K3B жетекші инженері

АЙЛЫҚ БЮЛЛЕТЕНЬ:
ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ОРТАША АЙЛЫҚ АУА
ТЕМПЕРАТУРАСЫ ЖӘНЕ АЙЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫН
МӨЛШЕРІНІҢ АНОМАЛИЯСЫ
2024 ҚАҢТАР АЙЫНА

Астана 2024


ОРТАША АЙЛЫҚ АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫНЫҢ АНОМАЛИЯЛАРЫ

Қаңтар айында Қазақстан аумағының басым бөлігінде ауа температурасының оң ауытқуы байқалды (1-сурет). Көптеген облыстарда (Түркістан, Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Алматы облыстары және Жетісу облысы) орташа айлық температура нормадан 2,5 °С-қа асатын шағын ошақтар тіркелген. Ең үлкен аномалия Өскемен (6,4 °С) (Шығыс Қазақстан облысы), Бақты (6,3 °С) (Абай облысы), Ұшарал (6,2° С) (Жетісу облысы) станцияларында байқалды. Елдің оңтүстігінде, оңтүстік-шығысында және шығысында орналасқан көптеген станциялардың мәліметтері бойынша қаңтар өте жылы болды (2-сурет). Ең жоғары температура (4,3 °С) Түркістан облысының Қазығұрт станциясында тіркелген.



1 – сурет. 1991-2020 жылдардағы базалық кезеңге қатысты есептелген 2024 жылғы қаңтардағы орташа айлық ауа температурасының (°С) ауытқуларының кеңістіктік таралуы

Қаңтар айындағы орташа айлық температураның рекордтары 6 МС: Ақтоғай (Шығыс Қазақстан облысы), Алакөл (Жетісу облысы), Лепсі (Жетісу облысы), Тасарық (Түркістан облысы), Орда (Батыс Қазақстан облысы), Ұшарал (Жетісу облысы) жаңартылды (1-кесте). Теріс ауытқулар (максимум – -1,7 °С - МС Орал - Батыс Қазақстан облысы) Батыс Қазақстан облысында және Қостанай облысының кей аумағында байқалды.




2 – сурет. 1941-2022 жылдардағы кезеңге сәйкес есептелген 2024 жылғы қаңтардағы ауа температурасының аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы

Кесте 1. 2024ж қаңтар айында байқалған ауа температурасының орташа айлық көрсеткішінің максималды рекордтары.

№	Метеостанция	Облыс	Жаңа максимум, °С	Бұрынғы рекорд, °С
1	Ақтоғай	Шығыс Қазақстан облысы	-7,8	-8,2 (2022 ж.)
2	Алакөл	Жетісу облысы	-6,2	-6,8 (2022 ж.)
3	Лепсі	Жетісу облысы	-10,3	-10,7 (2010 ж.)
4	Тасарық	Түркістан облысы	1,9	1,7 (1966 ж.)
5	Орда	Батыс Қазақстан облысы	18,7	1,8 (2007 ж.)
6	Ұшарал	Жетісу облысы	-6,1	-6,7 (2022 ж.)

АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫННЫҢ АЙЛЫҚ МӨЛШЕРІ


Желтоқсан айында елдің көп бөлігінде норманың 120% - дан астам мәні бар жауын-шашынның басым болуы байқалды (3-сурет). Жауын-шашын нормадан едәуір жоғары (норманың 200% - дан астамы) негізінен елдің батыс бөлігінде, сондай-ақ солтүстік пен солтүстік-батыста байқалды және 95-100% аспайтын ықтималдықпен өте ылғалды градацияға кірді (4-сурет). Жауын – шашынның ең көп мөлшері Түркістан облысының Шуылдақ МС 125,1 мм түсті, бұл норманың 174% құрады.



3 – сурет. 2024 жылғы қаңтардағы атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің кеңістіктік таралуы(1991-2020 жж. кезеңге есептелген нормадан % бойынша)

Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай және Ақмола облыстарының кейбір станцияларында жауын-шашынның ең жоғары айлық жиынтығы бойынша рекордтар жаңартылды (1-кесте). Жауын-шашын тапшылығы Маңғыстау облысында, сондай-ақ Абай және Жетісу облыстарында және жергілікті жерлерде Батыс Қазақстан, Қостанай, Түркістан және Қызылорда облыстарында байқалды. Жауын-шашын нормадан едәуір төмен (норманың 20% - дан азы) Құлалы аралы МС (Маңғыстау облысы) және Қызылқұм МС

(Түркістан облысы) байқалды және 0-5% - дан аспау ықтималдығымен өте құрғақ градацияға кірді.



4 – сурет. 2024 жылғы қаңтардағы атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы. Ықтималдықтар 1941-2022 жылдар кезеңіне сәйкес есептелген

Кесте 2. 2024ж қаңтар айында түскен жауын-шашын мөлшерінің рекордтық көрсеткіштері

№	Метеостанция	Облыс	Жауын-шашынның айлық мөлшерінің жаңа рекорды, мм	Жауын-шашынның айлық жиынтығының бұрынғы рекорды, мм
1	Аршалы	Ақмола облысы	43,9	39,0 (2000 ж.)
2	Жәнібек	Батыс Қазақстан облысы	56,7	55,5 (1987 ж.)
3	Марқакөл Қорығы	Шығыс Қазақстан облысы	105,2	71,6 (2023 ж.)
4	Лениногорск	Шығыс Қазақстан облысы	65,5	59,2 (2023 ж.)
5	Сергеевка	Солтүстік Қазақстан облысы	44,2	37,5 (1989 ж.)
6	Теректі	Шығыс Қазақстан облысы	102,1	75,9 (2010 г ж)
7	Тимирязево	Солтүстік Қазақстан облысы	38,1	36,8 (1964 ж.)
8	Тобыл	Қостанай облысы	43,2	41,2 (1976 ж.)
9	Жалаңашкөл	Жетісу облысы	25,5	19,9 (1961 ж.)